**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**Ш Е Ш І М**

2025 жылғы 16 қыркүйек №2301-25-00-2/2241 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Атырау облысы бойынша филиалы

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Шошахова» Арай Болатовна Шошахова

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 2 192 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Талап қоюшы өкілі Ж.А.Жайбусинова
Прокурор К.Таргинова

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2025 жылғы 19 маусымда мемлекеттік сатып алу туралы №354 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Есіктің блогын, сыртқы металлдан жасалған» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 121 777 теңге. Шарттың орындау мерзімі –шартқа қол қойылған күннен бастап 15 жұмыс күн аралығында, яғни 2025 жылғы 11 шілдеге дейін.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, міндеттеме орындалмағанын, тауар жеткізілмегенін айтып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкер белгісіз себептермен сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор талап қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 19 маусымда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №354 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі –2025 жылғы 11 шілдеге дейін.

Шарттың міндеттемелері орындалмаған, шарт бір жақты 2025 жылғы 30 шілдеде бұзылған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде толық көлемде орындалмай, тауар жеткізілмегенін, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Құжатқа қол қойылған: Дауренова О. Ш., 25.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, сулия Лаулапова О. Ш., 29.10.2025

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 2 192 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Бұл жағдайда, жауапкерден он сегіз кешіктірілген күн үшін 2 192 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 66 теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 2 192 теңге тұрақсыздық айыбы, 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Атырау облысы бойынша филиалының жауапкер жеке кәсіпкер «Шошахова» Арай Болатовна Шошахованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 2 192 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Шошахова» Арай Болатовна Шошахова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Шошахова» Арай Болатовна Шошаховадан мемлекет кірісіне 2 192 (екі мың бір жүз тоқсан екі) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Шошахова» Арай Болатовна Шошаховадан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік

Құжатқа қол қойылған: Дауешова О. Ш., 25.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, Сулия Лаппарова О. Ш., 29.10.2025

2301-25-3-1/2684

кәсіпорнының Атырау облысы бойынша филиалының пайдасына 66 (алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова
Көшірмесі дұрыс
Судья О.Ш.Даурешова
Анықтама
Сот шешімі 2025 жылдың «28» қазанында заңды күшіне енді
Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 25.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, судья Даурешова О.Ш., 29.10.2025
2301-25-3-1/2684